

«Педагогика және психология негіздері» пәні бойынша
тест түріндегі тапсырмалар

1. Педагогика ғылымының зерттеу объектісі

- A) Жеке тұлғаның даму процесі.
- B) Қоршаған педагогикалық шындық.
- C) Оқушылар ұжымы
- D) Мемлекеттің білім беру жүйесі
- E) Арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс

2. Педагогика ғылымының зерттеу пәні

- A) Жеке тұлғаның даму процесі
- B) Білім беру жүйесі
- C) Педагогикалық процесс.
- D) Оқушылар ұжымын қалыптастыруға бағытталған педагог іс-әрекеті
- E) Оқу -тәрбие процесі

3. Педагогика ғылымының негізгі категориялары

- A) Педагог, тәрбиеленуші, мектеп
- B) Дамыту, қалыптастыру
- C) Оқыту процесі, тәрбиелеу процесі
- D) Оқу, сабақ беру
- E) Тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық процесс.

4. Педагогика ғылымының функциялары

- A) Ғылыми-теориялық, технологиялық.
- B) Оқыту, тәрбиелеу заңдылықтарын ашу
- C) Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу
- D) Педагогикалық озық тәжірибені қорыту, игеру және тарату
- E) Оқыту, тәрбиелеу принциптерін құру

5. Адамзат дәуірінің әр даму кезеңдеріндегі тәрбие және білім беру теориясы мен практикасын зерттейтін педагогика ғылымының саласы

- A) Салыстырмалы педагогика
- B) Педагогика тарихы.
- C) Әлеуметтік педагогика
- D) Коррекциялық педагогика
- E) Жалпы педагогика

6. Жалпы педагогиканың бөлімдері қайсы?

- A) Педагогикалық психология, таным теориясы
- B) Әлеуметтік педагогика, педагогика тарихы, әскери педагогика
- C) Мектепке дейінгі педагогика, мектеп педагогикасы, үлкендер педагогикасы
- D) Жалпы негіздері, тәрбие теориясы, дидактика, мектептану немесе педагогикалық жүйелерді басқару
- E) Логопедия, сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика

7. Психикалық дамуында ауытқушылық бар балаларды оқытумен және тәрбиелеумен айналысатын педагогика саласы

- A) Валеология
- B) Олигофренопедагогика.
- C) Салыстырмалы педагогика
- D) Әлеуметтік педагогика
- E) Этнопедагогика

8. Әр елдердің білім беру жүйелерінің қызметтерін және дамуын зерттейтін педагогика ғылымының саласы

- A) Этнопедагогика
- B) Педагогика тарихы
- C) Салыстырмалы педагогика.
- D) Логопедия
- E) Мектеп педагогикасы

9. Педагогика ғылымының пайда болу себебі

- A) Ғылыми-техникалық прогресс
- B) Тәрбие маңызының артуы
- C) Тәрбие мақсатының өзгеруі
- D) Адамды өмірге дайындау қажеттілігі.
- E) Тәрбие мақсатының жетілуі

10. Ғылым ретінде педагогиканың негізін қалаған кім?

- A) Сократ.
- B) А.С.Макаренко.
- C) Ж.Ж.Руссо.
- D) Я.А.Коменский.
- E) Д.Локк.

11. Тұлға дамуы – бұл:

- A) Адамның дене, психикалық және рухани сипаттамаларының сандық және сапалық өзгерістері.
- B) Адам организміндегі сандық өзгерістер.
- C) Білімдер, іскерліктер және творчестволық іс- әрекеттер әдістерін игеру.
- D) Тәрбие ықпалымен жеке адамның әлеуметтік қасиеттерге ие болуы.
- E) Ескінің жоғалуы, жаңаның пайда болуы.

12. Оқушы қабілеттерін дамыту:

- A) Табиғи нышандардан тәуелді.
- B) Игерген білімдер, іскерліктер көлемінен тәуелді.
- C) Оқыған кітаптар санынан тәуелді.
- D) Құрдастарымен, үлкендермен қарым-қатынасқа түсуінен тәуелді.
- E) Оқу-тәрбие процесін мақсатты ұйымдастырудан және іске асырудан тәуелді.

13. Тұлға дамуында қоршаған ортаны шешуші фактор деп қарастыратындар:

- A) Бихевиористер.

- В) Прагматиктер.
- С) Әлеуметтік бағыт өкілдері.
- Д) Биологиялық бағыт өкілдері.
- Е) Экзистенциалистер.

14. Тұлға – бұл:

- А) Жеке адам.
- В) Саналы және ойлай білетін адам.
- С) Бір адамды екінші адамнан айыратын ерекшелік.
- Д) Оның әлеуметтік мәнін көрсететін қасиеттер жиынтығы.
- Е) Тірі организмнің дамуының ең жоғары деңгейі.

15. Қандай қасиеттер ата-анадан балаға туғаннан беріледі:

- А) Қабілеттер дамуының негізі – нышандар.
- В) Әлеуметтік тәжірибе.
- С) Адамгершілік қасиеттер.
- Д) Арнайы қабілеттер.
- Е) Эстетикалық талғам.

16. Тұлға дамуының негізгі факторлары:

- А) Ойын, оқу, еңбек.
- В) Тәрбие, қоршаған орта, тұқымқуалаушылық, іс-әрекет.
- С) Отбасы, мектеп, әлеуметтік орта.
- Д) Білім, іскерлік, дағды.
- Е) Діни ұйымдар, мектептен тыс мекемелер.

17. Өмір сүру және іс-әрекет барысында тұлғаның биологиялық және рухани өсуі:

- А) Тәрбие.
- В) Қалыптасу.
- С) Даму.
- Д) Білім беру.
- Е) Оқыту.

18. Тұлға дамуының қандай факторы мақсатты және ол қоғам мақсатына сәйкес әсер етеді:

- А) Тұқымқуалаушылық.
- В) Географиялық орта.
- С) Отбасы.
- Д) Тәрбие.
- Е) Мектептегі орта.

19. Тұлға қалыптасуына ең аз әсер етеді:

- А) Әлеуметтік орта.
- В) Географиялық орта.
- С) Тәрбие.
- Д) Тұқымқуалаушылық.

Е) Тұлға іс-әрекеті.

20. Жасөспірімнің дене, ішінара психикалық жедел дамуы:

- А) Әлеуметтену.
- В) Акселерация.
- С) Индивидуализация.
- Д) Өзін-өзі тәрбиелеу.
- Е) Саралау.

21. Бала организмнің күрт өсуі және дамуы, жыныстық жетілуі қандай кезеңде жүреді:

- А) Сәбилік.
- В) Жеткіншек.
- С) Мектеп жасына дейінгі.
- Д) Мектеп жасынан кейінгі.
- Е) Бастауыш сынып жасында.

22. Педагогика әдіснамасы:

- А) Педагогикалық теорияның құрылымы және негіздері, ғылыми-танымдық іс-әрекеттерді құрудың принциптері, формалары және әдістері туралы оқу.
- В) Зерттеу міндеттерін шешу жолдарын көрсетеді.
- С) Зерттеушінің зерттелетін құбылысқа деген көзқарасы.
- Д) Зерттелетін педагогикалық құбылыстың объективті қасиеттерін көрсететін заңдылықтар.
- Е) Іс-әрекетке қойылатын талап, негізгі ереже.

23. Зерттелетін объект туралы нақты деректер алу үшін қолданылатын педагогикалық құбылыстарды мақсатты түрде қабылдау:

- А) Сауал-сұрақ әдісі.
- В) Эксперимент.
- С) Әңгімелесу әдісі.
- Д) Интервью алу.
- Е) Бақылау әдісі.

24. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдісі ретіндегі бақылау:

- А) Жақсы жұмыс істегендерді мадақтау мақсатымен сенбілік кезінде сынып оқушыларын бақылау.
- В) Бақылау жұмысын орындау барысында мұғалімнің оқушылар тәртібін бақылауы.
- С) Алдын-ала анықталған мақсатпен белгілі бір схема бойынша оқушылардың іс-әрекетін бақылау, деректерді тіркеу және өңдеу.
- Д) Оқушылар мен педагогтың тәжірибе алаңында өсімдіктің өсуін бақылаулары.
- Е) Оқушылар мен педагогтың лабораторияда химиялық реакциялардың жүруін бақылаулары.

25. Басқа жағдайда жүретін тәжірибемен немесе бақылаушы объектімен салыстырылатын, педагогикалық процесті өңдеп, ғылыми қойылған тәжірибе:

- A) Бақылау.
- B) Эксперимент.
- C) Тәжірибені зерттеу.
- D) Педагогикалық процесс.
- E) Сараптау.

26. Педагогикадағы табиғи эксперимент:

- A) Оқу-тәрбие процесін бұзбай зерттеу гипотезасын тексеру.
- B) Зерттеу гипотезасын арнайы лабораториялық жағдайда тексеру.
- C) Гипотезаны жалпы тексеру.
- D) Педагогикалық процестің жүру жағдайына өзгеріс енгізу арқылы зерттеу гипотезасын тексеру.
- E) Қалыптасқан педагогикалық процесті тексеру.

27. Педагогикалық процестегі қалыптасқан жағдайды анықтайтын эксперимент түрі:

- A) Табиғи эксперимент.
- B) Қалыптастыру эксперименті.
- C) Констатациялық эксперимент.
- D) Лабораториялық эксперимент.
- E) Ойша эксперимент.

28. Сауал-сұрақ әдісі:

- A) Анкета жүргізу.
- B) Мектеп құжаттарын тексеру.
- C) Бақылау.
- D) Теориялық талдау.
- E) Эксперттік бағалар беру.

29. Оқушылардың шығармаларын, творчестволық, практикалық жұмыстарын және т.б. зерттеушінің талдауы:

- A) Бақылау.
- B) Эксперимент.
- C) Іс-әрекет өнімдерін зерттеу.
- D) Сауал-сұрақ әдісі.
- E) Мектеп құжаттарын тексеру.

30. Зерттелетін құбылыстар арасындағы сандақ тәуелділіктерді анықтау, эксперимент және сауал-сұрақ барысында алынған нәтижелерді өңдеу үшін қолданылатын әдіс:

- A) Теориялық анализ.
- B) Индуктивтік әдіс.
- C) Дедуктивтік әдіс.
- D) Статистикалық әдіс.
- E) Тест.

31. Арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленушілердің мақсатты өзара қимылдары:

- A) Оқыту процесі.
- B) Тәрбие процесі.
- C) Педагогикалық процесс.
- D) Оқу-тәрбие процесі.
- E) Мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыттары.

32. Тұлғаның “қалыптасу сәті” (педагогикалық жағдай):

- A) Іскерліктер, дағдылар қалыптастыру негізі.
- B) Педагогикалық процестің компоненттері.
- C) Оқыту процесінің элементарлық бөлігі.
- D) Педагогикалық процестің элементарлық бөлігі.
- E) Тәрбие процесінің элементарлық бөлігі.

33. Педагогикалық процестің функциялары:

- A) Білім беру, тәрбиелеу, дамыту.
- B) Педагогикалық құбылыстардың заңдылықтарын ашу, теория құру, технология жасау.
- C) Білім беру орындарының жұмысын реттеу.
- D) Озық педагогикалық тәжірибені қорыту, тарату.
- E) Теориялық, технологиялық.

34. Педагогикалық процестің тұтастығы:

- A) Педагогикалық процестің функцияларының бірлікте іске асырылуы.
- B) Отбасы, мектеп және басқа да әлеуметтік институттардың ынтымақтастығы.
- C) Оқыту және тәрбие процестерінің өзара байланысы.
- D) Педагог пен оқушылардың өзара бірлескен әрекеттері.
- E) Ата-ана мен педагог іс-әрекетінің бірлестікте жүргізілуі.

35. Педагогикалық процестің компоненттері:

- A) Педагогтер, оқушылар.
- B) Бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орындары.
- C) Мақсат, міндет, мазмұн, әдіс, форма, құрал, нәтиже.
- D) Оқыту, тәрбиелеу, дамыту.
- E) Оқыту бағдарламалары, оқулықтар, оқу жоспары.

36. Педагогикалық процестің қозғаушы күштері:

- A) Педагогикалық процесте туындайтын қарама-қайшылықтар.
- B) Жаңашыл-педагогтар.
- C) Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.
- D) Педагогикалық зерттеулер.
- E) Озық педагогикалық тәжірибені практикаға енгізу.

37. Педагогикалық процестің заңдылықтары:

- A) Педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын талаптар.

- В) Педагогикалық құбылыстар арасындағы тұрақты, қайталанатын, объективті байланыстар.
- С) Педагогикалық процестің ережелері.
- Д) Педагогикалық процестің принциптерінен туындайды.
- Е)) Педагогикалық процестің қағидалары.

38. Педагогтік қабілеттер:

- А) Ұйымдастырушылық, дидактикалық.
- В) Перцептивтік, суггестивтік.
- С) Коммуникативтік, конструктивтік.
- Д) Зерттеушілік, ғылыми-танымдық.
- Е) Жоғарыда айтылғандардың барлығы педагогикалық қабілеттерге жатады.

39. Тәрбие мақсаты – бұл:

- А) Тәрбиенің не нәрсеге ұмтылатыны.
- В) Тәрбиеленушінің не нәрсеге ұмтылатыны.
- С) Тәрбие барысында алынатын нәтиже.
- Д) Тәрбие іс-шарасының нәтижесі.
- Е) Оқушының даму деңгейі.

40. Тәрбие мақсатын анықтайтын негізгі фактор:

- А) Мемлекет идеологиясы, саясаты.
- В) Ата-аналар.
- С) Педагогтер.
- Д) Педагогикалық процестің мүмкіндіктері.
- Е) Оқушылардың қажеттіліктері.

41. Тәрбиенің жалпы мақсаты:

- А) Азамат тәрбиелеу.
- В) Отбасын тәрбиелеу.
- С) Еңбекші адамды тәрбиелеу.
- Д) Жан-жақты, гармониялы дамыған тұлғаны қалыптастыру.
- Е) Белсенді тұлға тәрбиелеу.

42. Әлемге деген философиялық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік және саяси білімдер, көзқарастар, сенімдер жүйесі:

- А) Білім беру мазмұны.
- В) Ғылыми дүниетаным.
- С) Ғылымдар жүйесі.
- Д) Әлеуметтік тәжірибе.
- Е) Оқыту нәтижесі.

43.

Ғылыми білімдер жүйесі, көзқарастар, сенімдер және адам идеалы – бұл:

- А) Дүниетаным компоненттері.
- В) Дүниетаным қалыптастыру құралдары.
- С) Тәрбие мазмұны.
- Д) Дүниетаным формалары.

Е) Тәрбие мақсаты.

44. Педагогика ғылымында тәрбиенің әртүрлі анықтамаларының болуы:

- А) Педагогика ғылымындағы тәрбие проблемасының шешілгендігінің айғағы.
- В) Әртүрлі анықтамаларының болуы педагогиканың дамыған ғылым екенін көрсетеді.
- С) Ғылыми түсінікті күнделікті өмірлік түсініктен айыру үшін.
- Д) Тәрбиенің көп аспектілігінен туындайды.
- Е) Педагогика ғылымының жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді.

45. Адамгершілік тәрбиесі – бұл:

- А) Адамгершілік санасын қалыптастыру процесі.
- В) Мораль туралы білімдерді беру процесі.
- С) Моральдік принциптер жүйесімен таныстыру.
- Д) Моральдік қасиеттер, адамгершілік мінез сипаттары, жүріс-тұрыс дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру процесі.
- Е) Адамгершілік идеалын құру.

46. Болмыстағы және өмірдегі сұлулық пен әдемілікті дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру:

- А) Адамгершілік тәрбиесі.
- В) Дене тәрбиесі.
- С) Эстетикалық тәрбиесі.
- Д) Экологиялық тәрбиесі.
- Е) Еңбек тәрбиесі.

47. Мақсатты, жоспарлы ұйымдастырылған тұлғаны қалыптастыру процесі:

- А) Сабақ беру.
- В) Оқыту.
- С) Тәрбиелеу.
- Д) Оқу.
- Е) Даму.

48. Авторитарлы, демократиялы, либералды және еркін тәрбие:

- А) Тәрбие мазмұны
- В) Мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыты
- С) Институционалдық белгі бойынша жіктеу
- Д) Негізге алынған философиялық концепция бойынша жіктеу
- Е) Қарым-қатынас стилі белгі бойынша жіктеу

49. Адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиелері

- А) Тәрбие мақсаты.
- В) Тәрбие моделі.
- С) Тәрбие бағыттары.
- Д) Тәрбие құралдары.
- Е) Тәрбие жүйесі.

50. Тұлғаның даму деңгейінің педагог қойған мақсатқа сәйкестігі:

- A) Тәрбиелену мүмкіндігі.
- B) Тәрбиелілігі.
- C) Тәрбиелеу критеріі.
- D) Тәрбие диагностикасы.
- E) Тәрбиелік көрсеткіштері.

51. Қоршаған табиғи ортаға оң көзқарасты, жауапкершілікті тәрбиелеу:

- A) Еңбек тәрбиесі міндеті.
- B) Адамгершілік тәрбиесі міндеті.
- C) Экологиялық тәрбиесі міндеті.
- D) Экономикалық тәрбиесі міндеті.
- E) Азаматтық тәрбиесі міндеті.

52. Тәрбие процесінің қозғаушы күші:

- A) Тәрбие мақсаты мен міндеттері.
- B) Тәрбие процесінің қарама-қайшылықтары.
- C) Педагогтің талап қоюы.
- D) Педагогтің тәрбие міндеттеріне сәйкес тәрбие құралдарын таңдау білуі.
- E) Педагогикалық зерттеулер.

53. Баланың денсаулығын шыңдау және оның денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету мақсатымен жүретін тәрбие:

- A) Валеология.
- B) Дене тәрбиесі.
- C) Спортшы дайындау.
- D) Кәсіби спорт.
- E) Дене шынықтыру.

54. Еңбек тәрбиесінің міндеті:

- A) Еңбек сүйгіштікті тәрбиелеу.
- B) Еңбекке деген оң көзқарасты тәрбиелеу.
- C) Еңбек мәдениетін қалыптастыру.
- D) Еңбек іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру.
- E) Жоғарыда айтылғандардың барлығы еңбек тәрбиесі міндеттеріне жатады.

55. Тәрбие процесіне арнайы қосылған заттар, жағдайлар:

- A) Орта әсері.
- B) Тәрбие құралдары.
- C) Тұлға дамуының әлеуметтік жағдайы.
- D) Тәрбие әдістері.
- E) Тәрбие тәсілдері.

56. Отбасы тәрбиесі, діни (конфессионалдық) тәрбие, мектеп тәрбиесі, мектептен тыс тәрбие. Тәрбие түрлері қандай белгіге байланысты топтастырылған:

- A) Мазмұны бойынша.

- В) Интитуционалдық белгі бойынша.
- С) Қарым-қатынас стилі бойынша.
- Д) Оқыту-тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша.
- Е) Тәрбие бағыттары бойынша.

57. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал ету амалдары:

- А) Тәрбие әдісі.
- В) Тәрбие формасы.
- С) Тәрбие құралы.
- Д) Тәрбие тәсілі.
- Е) Дамуға басшылық жасау.

58. Іс-әрекетті ұйымдастыру және жүріс-тұрысты қалыптастыру әдісі:

- А) Әңгіме.
- В) Диспут.
- С) Үлгі-өнеге.
- Д) Жаттығу.
- Е) Жарыс.

59. Сананы қалыптастыру әдісі:

- А) Жарыс.
- В) Мадақтау.
- С) Жаттығу.
- Д) Педагогикалық талап.
- Е) Үлгі-өнеге.

60. Мінез-құлықты және іс-әрекетті ынталандыру әдісі:

- А) Жазалау.
- В) Түсіндіру.
- С) Лекция.
- Д) Тапсырма.
- Е) Бақылау.

61. Адамгершілік мазмұнды нақты фактілер мен оқиғаларды жарқын, эмоционалды баяндау:

- А) Этикалық әңгіме.
- В) Түсіндіру.
- С) Әңгіме-кеңес.
- Д) Талап қою.
- Е) Жаттығу.

62. Тиянақты ойластырылған сұрақтар жүйесі арқылы тәрбиеленушілерде әртүрлі проблемалар бойынша дұрыс бағалар, көзқарастар қалыптастыру:

- А) Түсіндіру.
- В) Мадақтау.
- С) Әңгіме-кеңес.

- D) Үлгі-өнеге.
- E) Дискуссия.

63. Жазалау – ол:

- A) Сананы қалыптастыру әдісі.
- B) Бақылау әдісі.
- C) Іс-әрекетті ұйымдастыру және жүріс-тұрысты қалыптастыру әдісі.
- D) Ынталандыру әдісі.
- E) Тәрбие ережесі.

64. Оқушылардың тәртібін, мінез-құлқын бағалау және көтермелеу – бұл:

- A) Талап қою.
- B) Мадақтау.
- C) Жазалау.
- D) Жарыс.
- E) Түсіндіру.

65. Іс-әрекеттің бір түрін күшейтуге, ал енді бір түрін тежеуге арналған тәрбие әдісі

- A) Талап қою.
- B) Жазалау.
- C) Мадақтау.
- D) Үлгі-өнеге.
- E) Бақылау.

66. Мінез-құлық нормалары мен ережелеріне сәйкес тәрбиеленушінің әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы тәрбиелеу әдісі:

- A) Тәрбиелік жағдайлар туғызу.
- B) Жаттығу.
- C) Талап қою.
- D) Өңгіме.
- E) Үлгі-өнеге.

67. Жарыс әдісі:

- A) Жеңімпаз анықталатын ойын.
- B) Нәтижені бекіту әдісі.
- C) Өз нәтижесін басқалардың нәтижелерімен салыстыра отырып тұлға қасиеттерін қалыптастыру және бекіту.
- D) Тәрбиеленушінің басқа тәрбиеленушілерден артықшылығын анықтау.
- E) Тиімді әдісті анықтау жолы.

68. Баланың жағымсыз мінез-құлқы мен теріс қылықтарын тежеу әдісі:

- A) Талап қою.
- B) Мадақтау.
- C) Жазалау.
- D) Үлгі-өнеге.
- E) Бақылау.

69. Өзінде тұлғалық оң қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған адамның саналы іс- әрекеті

- A) Тәрбие.
- B) Қайта тәрбиелеу.
- C) Өзін-өзі тежеу.
- D) Өзін-өзі тәрбиелеу.
- E) Өзін-өзі іске асыру.

70. Нақты тәрбие процесін ұйымдастыру варианты:

- A) Тәрбие тәсілі.
- B) Тәрбие құралы.
- C) Тәрбие формасы.
- D) Тәрбие әдісі.
- E) Тәрбие мазмұны.

71. Мәні проблеманы ашық түрде бірлесе талқылау болатын, сенімді қалыптастыруға бағытталған тәрбие әдісі:

- A) Пікір-талас.
- B) Әңгіме.
- C) Талап қою.
- D) Жаттығу.
- E) Жазалау.

72. Оқушылар ұжымының перспективтік ұмтылушылықтарын ұйымдастыру:

- A) Тәрбие шараларын өткізу.
- B) Ұжым белсенділерімен тәрбие жұмыстарын жүргізу.
- C) Ұжымның жеке мүшелерімен тәрбие жұмыстарын жүргізу.
- D) Ұжымның алдына практикалық мақсат қою.
- E) Тәрбие мазмұнын анықтау.

73. Параллелді ықпал ету принципінің мәні:

- A) Мектептің және отбасының ынтымақтастығы.
- B) Мектептің, отбасының және жұртшылықтың ынтымақтастығы.
- C) Тәрбиеленушінің санасына, жігеріне және жүріс-тұрысына ықпал етуі.
- D) Тәрбиешінің тәрбиеленушілерге ұжым мүшелері, белсенділері арқылы ықпал етуі.
- E) Тәрбиешімен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасы.

74. Жоғары ұйымдасқан топ ретіндегі ұжымның белгілері:

- A) Биресми лидері болуы.
- B) Ұжым ішінде жеке топтар болуы.
- C) Ортақ мақсат болуы, біріге іс-әрекет істеуі.
- D) Басқа ұжымдармен қарым-қатынасқа түсуі.
- E) Ұжым мүшелерінің мақсаттарының әртүрлі болуы.

75. А.С.Макаренко бойынша ұжым дамуының кезеңдері:

- A) 2.
- B) 3.
- C) 4.
- D) 5.
- E) 6.

**«Психология негіздері» пәні бойынша
тест түріндегі тапсырмалар**

1. Психологияның (негізгі) принциптері:

- A) Жүйелілік, бірізділік, үздіксіздік.
- B) Объективтілік, жеке бастық.
- C) Детерминизм, сана мен іс-әрекет бірлігі, даму.
- D) Продуктивтілік және талап жоғарылығы.
- E) Табиғилық, ғылымилық.

2. Фрейдизм-бұл:

- A) Психологияның зерттеу пәні тек адам мінез-құлқы болатын бағыт.
- B) Күрделі психологиялық құбылыстар, олардың тұтастығы принципін түсіндіру үшін қолданылатын бағыт.
- C) Адам мінез-құлқындағы негізгі ролі жыныстық еліктеуге берілетін бағыт.
- D) Жауап алу үшін рецепторға стимулдың әсер ету кезіндегі сәттен сенсорлық ақпараттың тууын зерттейтін бағыт.
- E) Адамның жан дүниесін түсіну оның ішкі мәнінің мәдени-тарихи бағалылық әлемімен арақатынасы жолымен жететін бағыт.

3. Зерттеу объектісінің қандайда бір белгілерін ойды бөлу жолымен талдау:

- A) Нақтылау.
- B) Салыстыру.
- C) Абстракция.
- D) Жүйелілік.
- E) Талдау.

4. Зейінді шоғырландыру, бұл:

- A) Зейінді бір объектіден басқаға мақсатты аудару.
- B) Зейін саласында бірнеше объектілерді ұстау мүмкіндігі.
- C) Зейінді объектіге шоғырландыру дәрежесі.
- D) Зейінді объектіге шоғырландыру ұзақтығы.
- E) Бір уақытта зейіннің қамти алатын объектілер саны.

5. Темперамент қасиеттері, бұл:

- A) Сензитивтік, реактивтілік, икемділік.
- B) Фрагменттілік, панорамалық, жалпылылық.
- C) Жүйелілік, фазалық, амбиваленттілік.
- D) Икемділік, көлем, жүйелілік.
- E) Агглютинация, типизация, акцентрлік.

6. Жалпы психология, бұл:

А) Адамдар іс-әрекеті мен мінез-құлық заңдылықтарын зерттейтін, оларды әлеуметтік топтарға енгізу фактілерімен шарттасқан, осы топтардың психологиялық сипаттарын зерттейтін психология саласы.

В) Оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық мәселелерін зерттейтін психология саласы.

С) Адам психикасының жас динамикасын зерттейтін психология ғылымдарының саласы.

Д) Жалпы психологиялық заңдылықтарды, теориялық принциптер мен психология әдістерін, оның негізгі түсініктері мен категориалды апаратты анықтайтын теориялық және экспериментальды зерттеулер.

Е) Индивидтер мен адамдар тобының арасындағы, бұлардың себептік және салдарлық психологиялық айырмашылықтарын зерттейтін психология саласы.

7. Үздіксіз көрінбейтін, өзінің тұрақтылығымен ерекшеленетін, психикалық құбылыстардың формасы:

А) Психикалық күй.

В) Психикалық процесс.

С) Психикалық қасиет.

Д) Психикалық акт.

Е) Психологиялық фон.

8. Экспериментальды психологияның бірінші лабораториясын кім және қашан ашты:

А) 1913-Уотсон.

В) 1879-Вундт.

С) 1891-Торндайк.

Д) 1920-Хантер.

Е) 1907-Лешли.

9. Егер зерттеуді ұйымдастыру уақыттағы іс-әрекет және зерттеушілерді жүйелілікпен зерттеумен сипатталса, бұл:

А) Салыстырмалы әдіс.

В) Материалды сандық.

С) Лонгитюд әдісі.

Д) Интерпретациялық әдіс.

Е) Эмпирикалық әдіс.

10. Зерттеушілермен тікелей қатынаста болу мүмкіндігімен бірге, зерттеуді өткізудің мақсатын оның барысы бойында сақтап, алған жауаптарға сәйкес сұрақтар түрін өзгертуге болатын ерекшеліктер қандай ғылыми әдіске тән:

А) Интервью.

В) Әңгіме.

С) Жабық анкета.

Д) Ашық анкета.

Е) Тестер.

11. Қабылдау қателігін қайталайтын және оған сәйкес заттар тұрақтығын көрсететін перцептік жүйелер қабілеттілігі сипаттамасы, бұл:

- A) Полиmodalьдік.
- B) Апперцепция.
- C) Заттық.
- D) Тұтастық.
- E) Тұрақтылық.

12. “Зейіннің объектіге ұзақ уақыт тұрақтай алуы”, - бұл:

- A) Тұрақтылық.
- B) Концентрация.
- C) Көлем.
- D) Ауысуы.
- E) Бөлінуі.

13. Ойлау түрлері:

- A) Ырықты, ырықсыз.
- B) Ырықты, ырықсыз, үйреншікті.
- C) Көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік, сөз-логикалық.
- D) Талдау, жинақтау, салыстыру.
- E) Салыстыру, жалпылау, нақтылау.

14. Эмоция (сезім) қандай қызметті орындайды:

- A) Сигналды.
- B) Тежеуші.
- C) Амбивалентті.
- D) Стеникалық.
- E) Астеникалық.

15. Бихебиоризм, бұл:

- A) Психологияны зерттеу пәні адам мінез-құлқы болатын бағыт.
- B) Күрделі психологиялық құбылыстарды, олардың тұтастығы принциптерін түсіндіруде қолданылатын бағыт.
- C) Адам мінез-құлқындағы негізгі роль еліктеуге берілетін бағыт.
- D) Рецепторға стимульң әсері негізінде жауап алу үшін сенсорлық ақпаратты қайта өңдеуді зерттейтін бағыт.
- E) Адам жан дүниесін түсіну, оның ішкі мәндік қайта жасалуы мәдени-тарихи бағалықтар арақатынасы жолымен түсіндірілетін бағыт.

16. Жетекші іс-әрекет түріне берілген анықтама:

- A) Адамның көп уақытын алатын іс-әрекет.
- B) Адамның дамуын тиімді жүзеге асыраттын процестегі іс-әрекет.
- C) Адамның еңбек іс-әрекеті.
- D) Барлық іс-әрекет түрлерінің жиынтығы.
- E) Оқу іс-әрекеті.

17. Апперцепция, бұл:

- A) Затты қабылдау фонына тәуелділік.
- B) Қабылдау қателігін қайталау және осыған сәйкес зат тұрақтылығын көрудегі перцептік жүйелер қабілеттілігі.
- C) Заттарды бір топқа біріктіру қабілеті.
- D) Болжамды жылжыту және тексеру.
- E) Жеке бас қабылдауының өткен қабылдау тәжірибесіне тәуелдігі.

18. Адамның актуалды қызметін қамтамасыз ететін ес түрі:

- A) Оперативті.
- B) Ырықты.
- C) Ырықсыз.
- D) Қимыл-қозғалыс.
- E) Образды.

19. Қиял түрлері:

- A) Сөздік-логикалық.
- B) Көрнекі-әрекеттік, көрнекі-образды, ұғымдылық.
- C) Қайта жаңғырту, творчестволық.
- D) Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді.
- E) Көру, есту, қимыл-қозғалыс.

20. Зейін түрлерін көрсетіңіз:

- A) Ырықты, ырықсыз.
- B) Ырықты, ырықсыз, қайта жаңғырту.
- C) Көрнекі-әрекеттік, көрнекі-образды, ұғымдылық.
- D) Тікелей, жанама.
- E) Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, оперативті.

21. Сензитивтілік-бұл:

- A) Адамның қандай да бір психикалық реакциясының тууына ішкі әрекеттенудің аздаған күші қажет.
- B) Ішкі және сыртқы әрекетіндегі ырықсыз реакциясының деңгейі.
- C) Алдыңа қойған өзінің іс-әрекетіне көңігу деңгейі.
- D) Ішкі әрекеттенуді меңгеру деңгейі.
- E) Ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге бейімделу деңгейі.

22. Гештальтизм-бұл:

- A) Психологияда тек қана адам мінез-құлқы болып табылатын заты оқып-үйрену бағыты.
- B) Күрделі психологиялық құбылыстарды түсінуге қолданылатын тұтастылық принципінің бағыты.
- C) Адамның мінез-құлқында негізгі роль атқаратын пайымсыз әсерленудің бағыты.
- D) Стимулдық рецепторлық бетке түскеннен жауап алуға дейінгі уақыт ішінде сенсорлық ақпараттың өзгеруін зерттейтін бағыт.

Е) Адамның ішкі жан дүниесін түсіну, оның ішкі мағыналық құрылымының мәдени-тарихи құндылықтар дүниесімен сәйкестендіру арқылы жүзеге асатын бағыт.

23. Қандай зерттеу әдісіне, келесі сипаттама тән-зерттеуші пассивті позицияны ұстанады, қашан оны қызықтыратын құбылысты табу үшін тосуға тура келеді, құбылыстың пайда болуындағы мәнді жағдайды бағалау қиынға соғады. Сондықтан да байланыс себебін айқындау қиын:

- А) Эксперимент.
- В) Іс-әрекеттің жемісті түрін зерттеу.
- С) Байқау.
- Д) Тест.
- Е) Анкета.

24. Түйсік-бұл:

- А) Қоршаған ортаны танып білудегі адамзаттық қатынасты айқындайтын ерекше психикалық күй.
- В) Бұл сыртқы әрекетті елемейтін қабілеттілік.
- С) Бұл, адамның ішкі көңіл-күйінің өзгеруін көрсететін организм реакциясы.
- Д) Бұл, заттың және құбылыстың жекеленген қасиеттерін бейнелеу процесі.
- Е) Бұл, заттың және құбылыстың тұтастай бейнеленген процесі.

25. Ақыл-ой іс-әрекетінің жемісі, жалпы белгілердің бейнелеу формасы және шынайы құбылыстың сапасы болып табылады:

- А) Ой қорытындысы.
- В) Операция.
- С) Жалпылау.
- Д) Түсінік.
- Е) Индукция.

26. Психикалық процесс-бұл:

- А) Ес-темперамент, сөйлеу.
- В) Түйсік, қабылдау, ойлау.
- С) Эмоция, сезім, ерік.
- Д) Темперамент, мінез, қабілет.
- Е) Қайталап жазу.

27. Флегматик-:

- А) Күшті, тепе-тең, шапшаң.
- В) Күшті, тепе-тең емес, жеңілтек.
- С) Күшті, тепе-тең, инертті.
- Д) Әлсіз, тепе-тең емес, шапшаң.
- Е) Әлсіз.

28. Онтогенездегі психологиялық дамудың заңдылықтары мен динамикасын зерттейтін психологияның саласы:

- А) Еңбек психологиясы.
- В) Әлеуметтік.

С) Жас ерекшелік психологиясы.

Д) Салыстырмалы.

Е) Арнайы.

29. Эксперименттің қандай түрі жасанды жағдайларда, аппаратураны қолданудың арқасында өтеді. Зерттелушінің әрекеті инструкция арқылы анықталады:

А) Лабораториялық.

В) Табиғи.

С) Бақылау.

Д) Қалыптастырушы.

Е) Белгілеу.

30. Жоғарғы психикалық функцияның дамуының мәдени-тарихи теориясының авторы кім:

А) Леонтьев А.Н.

В) Рубинштейн С.Л.

С) Выготский Л.С.

Д) Лурия А.Р.

Е) Гальперин П.Я.

31. Психикалық қалып:

А) Ес, ойлау, қабылдау.

В) Темперамент, мінез, қабылдау.

С) Зейін, эмоция.

Д) Эйфория, аффект, ес, қиял.

Е) Бағдар, комфорттылық, сөйлеу.

32. Қоғамдық тәжірибені қайта құрып, игеруге бағытталған шартты ситуациядағы іс-әрекет түрі:

А) Еңбек.

В) Ойын.

С) Оқу.

Д) Оқыту.

Е) Тәрбие.

33. Сангвиник-:

А) Күшті, тепе-тең, шапшаң.

В) Күшті, тепе-тең емес, шапшаң.

С) Әлсіз, тепе-тең, инертті.

Д) Әлсіз, тепе-тең емес, жеңілтек немесе инертті.

Е) Әлсіз.

34. Ойлау операциялары:

А) Көлем, бөліну.

В) Жіктеу, абстракциялық.

С) Флюстрация, стресс.

Д) Көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік.

Е) Түсінік, пікір.

35. Адамның мінез-құлқымен іс-әрекетінде бейнеленетін тұрақты эмоциялық күй:

- А) Көңіл.
- В) Стресс.
- С) Құмарлық.
- Д) Аффекті.
- Е) Флюстрация.

6. Эмоциялық құбылыстың ерекше қарапайым және ежелгі көріну жағдайы:

- А) Көңіл-күй.
- В) Апатия.
- С) Эмоция.
- Д) Сезім.
- Е) Құмарлық.

37. Холерик -:

- А) Күшті, тұрақты, қозғалмалы.
- В) Күшті, тұрақсыз.
- С) Әлсіз, тұрақты, инертті.
- Д) Әлсіз, тұрақсыз, қозғалмалы немесе инертті.
- Е) Әлсіз.

38. Зейіннің физиологиялық негізі – бұл:

- А) Доминанта.
- В) Ассоциация.
- С) Ухтомский ілімі.
- Д) Уақытша нервтік байланыстар.
- Е) Сигнал системасы.

39. Эмоциялық жағдайдың әлсіз көрінетін кішкентай қысымды және ұзаққа созылмайтын іс-әрекетте мінез-құлықтағы шынай көрініс:

- А) Құмарлық.
- В) Стресс.
- С) Аффект.
- Д) Көңіл-күй.
- Е) Эмоция.

40. Қарым-қатынас құралы:

- А) Сөйлеу.
- В) Эмоция.
- С) Сөз.
- Д) Пікір.
- Е) Тіл.

41. Ырықты зейін негізінде пайда болатын, объектіде құндылық, мәнділік қасиеттеріне негізделген зейін түрі:

- A) Ырықсыз.
- B) Үйреншікті.
- C) Ырықтыға дейін.
- D) Қалған зейін.
- E) Ырықты.

42. Зейінді ұзақ уақыт бойы белгілі бір затқа немесе іс-әрекетке шоғырландыра алмаудағы адам қабылетсіздігі:.

- A) Бөлінуі.
- B) Көлемі.
- C) Шоғырлануы.
- D) Тұрақтылығы.
- E) Алаң болушылық.

43. Ойдың жекеден жалпыға қарай бағытталған логикалық қорытындысы:

- A) Салыстыру.
- B) Дедукция.
- C) Аналогия.
- D) Индукция.
- E) Ой қорытындысы.

44. Адамның ішкі құбылыстарын және мақсатқа жетуге әрекет жасаудың толықтырушы мотивтерді құратын эмоциялық жағдайдың формасы:

- A) Стеникалық эмоция.
- B) Мотивтер күресі.
- C) Шешім қабылдау.
- D) Апатия.
- E) Инсайт.

45. Талант, бұл:

- A) Психика дамуының жоғары деңгейі.
- B) Жақсы дамыған психикалық процестер.
- C) Білім, іскерлік, дағдылар жиынтығы.
- D) Негізгі спецификалық мінез бітістері.
- E) Қабілеттердің жағымды үйлесімділігі.

46. Өзінің мінез-құлқына бақылау жасау және қадағалай алу қабілеті:

- A) Іскерлік.
- B) Тәртіптілік.
- C) Ұйымдасқандық.
- D) Өзін-өзі меңгеру.
- E) Принципшілдік.

47. Эмоциялық сфераның ең жарық, ең күрделі көрінуі:

- A) Көңіл-күй.
- B) Апатия.
- C) Эмоция.

- D) Сезім.
- E) Құмарлық.

48. Қиялдың өзіндік жаңа бейнелер жасаумен байланысты, кейін белгілі бір іс-әрекетте қолданатын түрі:

- A) Творчестволық.
- B) Қайта-жасау.
- C) Арман.
- D) Белсенді.
- E) Пассивті.

49. Бір ғана түрді ұсынады “homo sapiens”:

- A) Адам.
- B) Жеке бас.
- C) Неандерталец.
- D) Индивид.
- E) Түр.

50. Мнемикалық процесте түсіндіріледі:

- A) Ойлау.
- B) Зейін.
- C) Дыбыс.
- D) Ерік.
- E) Ес.

51. Естің физиологиялық механизмінің негізіне жатады:

- A) Доминанта туралы оқу.
- B) Ассоциативтік теория.
- C) Үлкен жарты шар қызметі.
- D) Рефлекторлық әрекет.
- E) Қозу аймақтары туралы оқу.

52. Адам қажетсінуінің қоршаған ортаға байланысты қанағаттану немесе қанағаттанбаушылық өзара әрекеттенуі қорытынды негізінде уайымдау субъектінің көңіл-күйін білдіреді:

- A) Эмоциональды құбылыс.
- B) Көңіл күй.
- C) Темперамент.
- D) Мінез.
- E) Стресс.

53. Эмоцияның функциясын анықтаңыздар:

- A) Сигналдық тежелу.
- B) Тежелу белсендендіру.
- C) Сигналдық реттеу.
- D) Реттеу белсендендіру.
- E) Танымдық дамыту.

54. Эмоциялық құбылыстың ерекше қарапайым және ежелгі көріну жағдайы:

- A) Көңіл күй.
- B) Апатия.
- C) Эмоция.
- D) Сезім.
- E) Құмарлық.

55. Психологияның ғылым ретіндегі анықтамасы:

- A) Адам әрекеті туралы ғылым.
- B) Адам мен жануарлардың психикасы туралы ғылым.
- C) Адамның ерекше күйлері туралы ғылым.
- D) Организмнің рефлекторлық іс-әрекеті туралы ғылым.
- E) Жан туралы ғылым.

56. Сезімнің амбиваленттері бұл:

- A) Әсерге байланысты қозудың болуы.
- B) Әсерге байланысты қозудың болмауы.
- C) Қарама-қайшылықты сезіну.
- D) Ұнамды сезімдер.
- E) Ұнамсыз сезімдер.

57. Объектінің тұтас құрылымын элементтерге ойша бөлетін ой операциясы:

- A) Анализ.
- B) Салыстыру.
- C) Жалпылау.
- D) Абстракция.
- E) Жіктеу.

58. Эмоциялық жағдайдың әсері нәтижесінде күшті әрі ұзақ организмге қысым түсуінен және организмнің қорғаныс реакциясының мобилизациялық ресурстары және жауап ретінде күшті қозудың болуы:

- A) Стресс.
- B) Аффект.
- C) Фрустрация.
- D) Құмарлық.
- E) Депрессия.

59. Ойдың жекеден жекеге қарай бағытталған логикалық қорытындысы:

- A) Салыстыру.
- B) Дедукция.
- C) Аналогия.
- D) Индукция.
- E) Ой қорытындысы.

60. Қабылданған нәрсенің анықталған топта құралдар класында, оларды сөз арқылы жалпылау:

- A) Константтылығы.

- B) Құрылымдығы.
- C) Тұтастығы.
- D) Ойлампаздығы.
- E) Құрамдығы.

61. Әрекет – бұл:

- A) Іс-әрекеттің тілегінен туған бейне және оның идеалды елесі.
- B) Адамның тарихи тұрмысының- қоғамдық спецификалық формасы негізінде - әлеуметтік шынайылық және табиғи тұрғыда мақсатқа бағытталған құрылым.
- C) Бұл іс-әрекеттің аяқталған және оның процесінде нақты, қарапайым, меңгерілген мақсат.
- D) Сыртқы құралдардың әсер ету процесімен оның ішкі ақыл-ой әрекетінің ауысуы.
- E) Ішкі ақыл-ой жоспарының сыртқы құралдармен әдіс тәсілдерді қолдану формасы.

62. Адамның мақсатқа бағытталған өзінің қоршаған ортадағы шындықты талдаудағы бағытын өзгертуге білімін жетілдіруге өзінің материалдық және рухани құндылығын қанағаттандыруға бағытталған әрекеті:

- A) Еңбек.
- B) Оқу.
- C) Ойын.
- D) Қарым-қатынас.
- E) Жұмыс.

63. Инстинктің анықтамасын көрсетіңіз:

- A) Бұл организмнің тітіркендіргіштің әсеріне еріксіз реакциясы.
- B) Бұл мінез-құлықтың жаңа жағдайдағы өзгерістерін қамтамасыз ететін формасы.
- C) Бұл жануарлар психикасының мінез-құлқының тұрақ компоненттерінің біртұтастығы.
- D) Бұл мінез-құлықтың көрінетін формасы- яғни барлық көпклеткалардағы қоршаған ортадағы нәрселердің пайда болуы мен бейнеленуі.
- E) Бұл жануарлардың мінез-құлқының төменгі формасы.

64. Қабылданған нәрсенің ұдайы бірқалыптылығы –бұл:

- A) Мағыналылығы.
- B) Тұтастық.
- C) Константтылығы.
- D) Құрылымдық.
- E) Апперцепция.

65. Мінез бітісі бұл:

- A) Фрустрация.
- B) Аффект.
- C) Акцентуация.
- D) Депривация.

Е) Психопатия.

66. Қабілет бұл:

- А) Тұлға мотивтерінің біртұтастығы.
- В) Адамның шындыққа қарым-қатынасын көрсететін жеке өзгешеліктері.
- С) Мінездің интеллектуалды бітістері.
- Д) Психиканың әрекет динамикасында көрінетін тұлғаның жеке құрылымы.
- Е) Анықталған әрекетті меңгеру жағдайының жеке ерекшеліктерінің көрінуі.

67. Адам миымен психикасының байланысын дәлелдеңіз:

- А) Психикалық әрекет рефлекторлы жетілдіріледі.
- В) Психикалық әрекет қоршаған орта және ми қызметіне байланысты.
- С) Адам бас миының зақымдануы, адам психикалық іс-әрекетінің бұзылуына әкеледі.
- Д) Мінез-құлық бірінші және екінші сигнал системаларымен реттеледі.
- Е) Адам мінез-құлқының күрделілігі оның миының көлеміне тәуелді.

68. Іс-әрекеттің анықтамасын көрсетіңіз:

- А) Адам мен жануарларға тән белсенділік.
- В) Адамның сыртқы жағдайға бейімделуі.
- С) Сыртқы өмір сүру жағдайына тәуелділікті көрсететін тіршілік иесінің күйі.
- Д) Қоршаған шындықты өзгертуге бағытталған адамның ішкі және сыртқы белсенділігі.
- Е) Қажеттіліктерді жүзеге асыру.

69. Эмоциялық жағдайдың әсері нәтижесінде күшті әрі ұзақ организмге қысым түсуінен және организмнің қорғаныс реакциясының мобилизациялық ресурстары және жауап ретінде күшті қозудың болуы:

- А) Стресс.
- В) Аффект.
- С) Фрустрация.
- Д) Құмарлық.
- Е) Депрессия.

70. Зейіннің бөлінуі- бұл:

- А) Зейінді іс-әрекетке толықтай шоғырландыру нәтижесінде зейіннің объектіге тұрақталыну дәрежесі.
- В) Қандай да бір іс-әрекетке немесе затқа ұзақ уақыт зейінді бөлу.
- С) Қойылған жаңа міндетке байланысты зейінді бір объектіден екіншіге немесе іс-әрекеттің бір түрінен басқа іс-әрекетке аудару.
- Д) Адамның өз зейінін бір объектіге шоғырландыруға немесе бөле алмауы, бұл жеке бас бітісі.
- Е) Бірнеше іс-әрекет түрін орындау қабілеттілігі.

71. Қабылдаудың адамның психикалық өмірінің мазмұнына, тәуелділігі жеке бастың ерекшеліктеріне, алдыңғы тәжірибесіне тәуелділігі:

- А) Мәнерлілік.

- B) Апперцепция.
- C) Құрылым.
- D) Тұтастық.
- E) Заттық.

72. Сананың құрылымын көрсетіңіз:

- A) Жиынтық.
- B) Ырықтылықтан кейін.
- C) Ырықтылыққа дейін.
- D) Қалдық.
- E) Ырықты.

73. Зейіннің қандай қасиетіне байланысты адам сыртқы орта жағдайына бейімделе алады, өзгерген жағдайдағы әртүрлі элементтердің маңызын анықтай алады:

- A) Көлем.
- B) Бөлінушілік.
- C) Шоғырландыру.
- D) Аудару.
- E) Тұрақтылық.

74. Адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті:

- A) Іскерлік.
- B) Тәртіптілік.
- C) Ұйымшылдық.
- D) Ұстамдылық.
- E) Принципшілдік.

75. Шындықпен ешқандай байланысы жоқ фантастикалық көріністер:

- A) Елестер.
- B) Галлюцинациялар.
- C) Армандар.
- D) Иллюзиялар.
- E) Түс көру.

